

"Фармация" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясының республикалық бюджетке берешектері туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 16 маусымдағы N 837

"Фармация" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясының Ресей Федерациясының кредиті, шетелдік кредиттік желілер мен орталықтандырылған қаржы көздері бойынша республикалық бюджетке пайда болған берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі:

"Фармация" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясы мен республикалық бюджет арасындағы 184,52 млн (жүз сексен төрт миллион бес жүз жиырма мың) сомадағы теңгені, соның ішінде Ресей Федерациясының кредиті жөніндегі берешектері бойынша 147,16 млн. (жүз қырық жеті миллион жүз алпыс мың) сомадағы теңгені және 1995 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша шетелдік кредитті желілер мен орталықтандырылған қаржы көздерінің 37,36 млн. (отыз жеті миллион үш жүз алпыс мың) сомадағы теңгесін біржолғы есепке алуды жүргізсін;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне бағыныстағы республикалық денсаулық сақтау мекемелерінің дәрі-дәрмектер сатып алуға арнап бюджет қаржысынан көзделген осы сома шегіндегі, оны бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып, "Фармация" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясына дәрі-дәрмектер үшін берешектері есепке алынсын.

2. "Фармация" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне бағынысты республикалық денсаулық сақтау мекемелерінің дәрі-дәрмек жеткізілімі үшін кредиторлық берешектерін дәрі-дәрмектер сатып алуға көзделген бюджет қаржысының есебіне алсын.

3. "Фармация" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне бағыныстағы республикалық денсаулық сақтау мекемелерінің дебиторлық берешектерін Ресей Федерациясының кредиті, шетелдік кредиттік желілер және орталықтандырылған қаржы көздері бойынша республикалық бюджетке кредиторлық берешектерін өтеудің есебіне жатқызсын.

4. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі осы қаулыға

сәйкес есепке алуға қабылданған сомалар бойынша Ресей Федерациясының

кредиті, шетелдік кредиттік желілер және орталықтандырылған қаржы көздері бойынша берешектерді кейін өтеуге арналған қаражатты бюджеттік шығындарда ескерсін.

Қазақстан республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК